

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен
«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті»
шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік
кәсіпорнының арасындағы кадр саясатындағы меритократия
қағидаларын бекіту жөніндегі шекті келісім**

г. Астана

2018 жылғы 13 ақпан

Мемлекеттік кәсіпорындардың, ұлттық компаниялардың және бюджеттік ұйымдардың кадрлық саясатына меритократия қағидаларын енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының 7-тармағына сәйкес:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – мемлекеттік кәсіпорын),

бұдан әрі Тараптар ретінде, меритократия қағидаларына бейілділік білдіре отырып,

мемлекеттік кәсіпорынның кадрлық әлеуетін сақтау және дамыту үшін жағдай жасау қажет екеніне иланғандар,

мемлекеттік кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлыққа және непотизмге жол бермеуге ұмтыла отырып,

төмендегімен келісті:

бос лауазым бар болған жағдайда, мемлекеттік кәсіпорын конкурс өткізу туралы хабарландыруды интернет-ресурстарда, оның ішінде рекрутинг порталдарында құжаттарды қабылдаудың аяқталу күніне дейін екі апта бұрын орналастырады;

Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) бос лауазымның атауы;
- 2) мемлекеттік кәсіпорын атауы, орналасқан жері, пошталық мекен-жайы, телефоны;
- 3) құжаттарды қабылдау аяқталатын күні мен уақыты;
- 4) тиісті саланың үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес анықталатын конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар;
- 5) конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі.


Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар мемлекеттік кәсіпорын басшысының атына өтініш (еркін нысанда) жазады.

Өтінішке конкурсты өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген құжаттар қоса беріледі.

Мемлекеттік кәсіпорында жұмыс істеп жүрген қызметкерлерге де конкурсқа қатысуға рұқсат етіледі.

Конкурсқа қатысушы білімі, кәсіптік деңгейі жайлы қосымша ақпарат, сондай-ақ жұмыс тәжірибесі мен біліктілігін растайтын құжаттарды ұсынуға құқылы.

Конкурс келесі кезеңдерден тұрады:



1) мемлекеттік кәсіпорынның бос лауазымына орналасатын үміткерлердің өтінімдерін қарастыру;

2) үміткерлермен әңгімелесу жүргізу (оның ішінде көпсатылы эссе жазу, кейстерді шешу және т.б.);

3) конкурстың қорытындыларын шығару.

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар өздеріне қатысы бар бөлігінде конкурс құжаттарымен таныса алады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен конкурстың нәтижесіне шағымдануға құқылы.

Қызметкерлерді материалдық көтермелеу меритократия принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Осы шекті келісім Тараптар арасында қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және орындалуға міндетті.

Осы келісімді іске асыру үшін мемлекеттік кәсіпорын қол қойылған күннен бастап бір ай мерзім ішінде тиісті ішкі актілерді қабылдайды.

Шекті келісімдердің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрі

«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық университеті»
ШЖК РМК ректоры



E. Saqadiyev
Е. Сағадиев



O. Ayshiev
О. Аяшев

Handwritten signature